

Талшықтық-оптикалық байланыс желісінің кабельдік-желілік құрылысын қорғау жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Атырау облысы әкімінің 2001 жылғы 20 қыркүйектегі N 305 шешімі Атырау облысының әділет басқармасында 2001 жылғы 5 қарашада N 653 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы әкімінің 2009 жылғы 30 наурыздағы N 15 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы әкімінің 2009.03.30 N 15 ш е ш і м і м е н .

Талшықтық-оптикалық байланыс желісі супермагистралының зақымдалуын болдырмау мақсатында Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 18 мамырдағы "Байланыс туралы" N 382 Z990382 Заңына сәйкес шешім етемін:

1. Жер қазғыш техникалары бар барлық мекемелер мен кәсіпорындар, геологиялық және геофизикалық партиялар жетекшілері жер қазу жұмыстарының барлық түрлері басталғанға дейін N 15-магистралдық байланыс жүйесі мен теледидар техникалық торабымен тиісті келісім жүргізсін.

2. N 15-магистралдық байланыс жүйесі мен теледидар техникалық торабы (В. М е н ь ш и к о в) :

1) облыстық сәулет және қалақұрылысы саясаты басқармасына, жер ресурстарын басқару жөніндегі комитетке талшықтық-оптикалық желі жобасы бойынша атқарушы құжаттамаларды ұсынсын.

2) Заңнамада белгіленген тәртіпте сервитут (заңдық шектеу) құқықтарын р е с і м д е с і н .

3. Қала және аудан әкімдері:

1) талшықтық-оптикалық желі байланысының кабелі желілері ғимаратын жүргізу аумақтары бойынша құрылыс үшін жер телімдерін таңдау зерттеу және бөлу жөніндегі құрамына N 15 магистралдық байланыс жүйесі мен теледидар техникалық торабы өкілдерін енгізсін.

2) Меншіктің барлық түрлері заңды тұлғалардың және жеке тұлғалардың N 15 магистралдық байланыс жүйесі және теледидар техникалық торабымен тиісті келісімдердің орындалуын бақылауды жүзеге асырсын.

4. Жер ресурстарын басқару жөніндегі комитет (А. Жмыхов) жер телімдерін пайдалану құқығын белгілейтін құжаттарды рәсімдеу кезінде кабельдік байланыс желісі құрылысы өтетін қорғау аймағы шегінде пайдалануға шектеу орнатсын.

5. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Қ. Ищановқа жүктеледі.

Облыс әкімі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК